



ӘОЖ 308
ГТАХР 03.29.00
DOI 10.37238/1680-0761.2022.88(4).142

Нурелова А.М.*
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті,
Алматы, Қазақстан

*Корреспондент-авторы: nurelova@yahoo.com

E-mail: nurelova@yahoo.com

ЖАПОНИЯДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ НЕКЕ МӘСЕЛЕСІ: НЕГІЗГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАР

Аңдатпа. Мақалада қазіргі таңда Жапониядағы халықаралық неке мәселесі және оның негізгі тенденциялары зерттелген. Осы тақырыпқа қатысты жазылған Жапония, Корея, Қытай, Сингапур т.б. елдердің зерттеушілерінің еңбектеріне шолу жасалып, талданды. Халықаралық неке ұғымына талдау жасалынып, халықаралық аренада қолданыстағы трансұлттық, кроссұлттық неке ұғымдарына анықтама берілді. Зерттеу жұмысы барысында жапондықтармен шетелдіктердің арасындағы некенің негізгі факторлары, тенденциялары анықталды. Сонымен қатар осы халықаралық неке мәселесінің басқа да қоғамдағы әлеуметтік жағдайлармен байланысына шолу жасалды.

Кілт сөздер: Халықаралық неке; трансұлттық; кроссмәдени; ұлтаралық; трансшекаралық; еңбек миграциясы; неке миграциясы; тенденция; Жапония.

Кіріспе

Қазіргі таңда бүкіл дүниежүзінде халықаралық неке мәселесі жан-жақты зерттелуде. Бұған әрине халықаралық неке саның қарқынды өсуі бірден-бір себеп. Қазіргі жаһандану саясатының нәтижесінде, бірте-бірте мемлекеттер арасындағы шекаралар сүртіліп, халықаралық неке трендке айналды. Жапониядағы халықаралық неке мәселесінің негізгі тенденцияларын зерттеу жұмыстың мақсаты болып табылады. Еңбекте қарастырылатын халықаралық некенің алғышарттарын, факторларын, себеп-салдарын ашу жұмыстың өзектілігін арттырады. Жұмыстың объектісі – халықаралық неке.

Қазақстан үшін Жапония мемлекеті әрқашан ерекше қызығушылық тудырып, саяси, экономикалық серіктес ретінде қарым-қатынас орнатылғанына биыл 30 жыл толды. Жапония тілі, мәдениеті, тарихы, экономикасы жан-жақты зерттелуде.

Экономикасы мықты, қоғамы дамыған Жапония мемлекеті басқа елдердің қызығушылығын тудыратын бірден-бір мемлекет. Әсіресе, Жапонияға жақын орналасқан Шығыс Азия, Оңтүстік Шығыс Азия мемлекеттерінің оқу-білім іздеп, жақсы өмір қуып келетін халықтың саны көбеймесе, азайған емес. Тек оқу, жұмыс қана емес шет мемлекеттерінің азаматтарымен неке тұру тенденциясы да жоғарылауда. Сол себепті бұл мәселеге тек жапон зерттеушілері ғана емес, басқа да елдің ғалымдары ерекше қызығушылық танытуда.

Зерттеу әдістері мен тәсілдері

Зерттеу жұмысын жазу барысында шолу, талдау, сараптау тәсілдері қолданылды. Осы мәселеге қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізген зерттеушілердің жұмыстарын, зерттеу нәтижелерін талдау, салыстыру арқылы қазіргі кезде Жапониядағы халықаралық неке мәселесінің негізгі тенденциялары айқындалып, соларға анықтама берілді.

Жапон зерттеушісі Мика Тоёта «Editorial introduction: international marriage, rights and the state in East and Southeast Asia» деген еңбегінде Шығыс Азия және Оңтүстік Шығыс Азия



мемлекеттерінде, соның ішінде жапондықтардың жоғарыда аты аталған мемлекет азаматтарымен арасындағы неке мәселесін қарастырған. Соның ішінде трансұлттық некелердің заң тұрғысынан қалай қорғалатыны, құқықтық жүйеде туындайтын қиыншылықтар, қарама-қайшылықтар, азаматтық алу, ұлттық бірегейлік мәселелері қаралған, яғни, Шығыс, Оңтүстік Шығыс Азия мемлекеттерінде шетелдік ерлі-зайыптылардың қай ұлтқа жататына заң, саяси, мәдени, әлеуметтік тұрғыдан анықталу түсінігіне қатысты терең зерттеулер жүргізілген [1, б. 1-7].

Осы ретте жапон азаматтарымен некеге тұру саны бойынша жоғары халықтардың бірі филиппин, корей зерттеушілерінің еңбектеріне тоқталмай кету мүмкін емес.

Г.Джонс «International marriage in East and Southeast Asia: trends and research emphases» зерттеу жұмысында Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттеріндегі халықаралық некеге жалпы шолу жасаған. Сонымен қатар трансұлттық неке санын, тенденцияларын, неке көрсеткішінің өсуіне ықпал еткен факторлар: халықтың әрі-бері жүруінің мобильділігі, туризм, еңбек миграциясы, оқуға түсу мәселелері қарастырған. Сонымен қатар аймақтың бірқатар елдерінде халықаралық неке нарығының дамуы, басқа елдерден мақсатты түрде жұп іздеуі, аймақтағы транснационалдық неке түрлері, ерлі-зайыптылардың ұлттық, этникалық, әлеуметтік ерекшеліктері де зерттелген. Сонымен қатар ол елдердің құқықтары мен шекаралары, егемендік мәселелері де қамтылған [2, б. 9].

Тамара Лус «A history of sex and the state in Southeast Asia: class, intimacy and invisibility» еңбегінде постколониалды мемлекеттердегі неке мәселесі, қазіргі жағдайы, қандай өзгерістер орын алғанын зерттеген. Халықтың экономикалық жағдайының неке нарығына әсері, сондай-ақ дамыған мемлекеттердің жұмыс күшіне сұранысының арттуы, экономикасы кенже дамыған мемлекеттерінің халқының дамыған мемлекетке кетуге мүдделі болуы қарастырылған [3, б. 27-28].

Никола Пейпер «International marriage in Japan: Race and gender perspectives» зерттеу жұмысында Жапонияның халық санының күрт төмендеуі, жастар санының аздығы, Жапонияға еңбек мигранттарының ағылып келу себептерін жан-жақты қарастырып, нақтылаған. Соның ішінде ойын-сауық, жыныстық қатынас саласына жұмыс істейтін әйелдер санының көптігі, еңбек нарығында әйелдер санының артуы халықаралық неке санының өсуіне бірден-бір себепкер екенін көрсеткен. Бұл жерде нәсілдік, этно-мәдени мәселелер де қозғалады. Феминистердің айтуы бойынша, «неке» көбінесе ерлердің арзан тұрмыстық және жыныстық қызметтерді сатып алуының бетпердесі ғана. Үйдегі және шетелдегі патриархалдық қатынастардың өзара байланысын зерттеу арқылы еңбек миграциясының нәтижесі, жапон ерлеріне тұрмысқа шыққан азиялық әйелдердің, ең алдымен филиппиндік әйелдердің жағдайы сұхбат деректері арқылы зерттеп көрсеткен. Бұл жерде әлеуметтік құқықтарын шектейтін «нәсілдік» стереотиптер де қарастырылған [4, б. 321-323].

Сонымен қатар гендерлік мәселелер, экономикалық жағдайдың да некедегі қарым-қатынасқа тікелей әсері бары сөзсіз. Ойын-сауық индустриясында жұмыс істеген жеңіл жүрісті әйелдердің некеде құқықтары ашық, толық қорғалатыны күмәнді, сонымен қатар олардың қоғамдағы орныда қалай реттелгені белгісіз.

Томоку Накамацу «Marriage, migration and the international marriage business in Japan» жұмысына 1980-1990 жж. Жапониядағы халықаралық неке бизнесінің дамуы, сонымен қатар неке бизнесінің дамуының нәтижесінде тұрмыс құрған Жапонияда тұратын Қытай, Оңтүстік Корея, Филиппиннен келген әйелдердің қатысуымен тәжірибелер жасалып, соның негізінде зерттеу жұмыстары жасалған [5, б. 66].

Дэниел Роттиг «A Marriage Metaphor Model for Sociocultural Integration in international Mergers and Acquisitions» зерттеуінде халықаралық неке мәселесіне глобализацияның интеграция, аккумуляцияның әсері қарастырылған. Зерттеушінің пікірінше халықаралық неке мықты мәдениеттің әлсіз мәдениетті жұтып алуы, үстемдік жүргізуінің бүр түрі дейді. Әлеуметтік-экономикалық жағдайы нашар елдердің азаматтарының дамыған мемлекет



азаматтарына тұрмысын түзеу мақсатында некелесуі жиі кездесетін фактор. Бұл посткеңестік мемлекеттеріне де тән жағдай [6, б. 255].

Жапон азаматтарымен некеге тұратын мемлекеттер, соның ішінде саны бойынша басымдыққа ие елдер саны, қай жылдары көбейгені, азайғаны қарастырылды. Ең алдымен жалпы халықаралық неке терминіне түсініктеме берілді, осы терминге барабар сөздер қарастырылып, мағыналарына анықтама берілді. Осы терминнің пайда болу себебі, осылай аталуына алғышарттары қарастырылды. Халықаралық неке мәселесінің пайда болу факторы, себебі, салдары көрсетілді.

Дамыған мемлекеттерде тұрмысқа шығып, бала туып, үй шаруасымен айналысатын әйелдер саны күрт төмендеген, Жапония, Оңтүстік Корея, Қытай ер адамдар «дәстүрлі» әйелдерді шеттен іздеуде, ал оқыған, жұмысы жақсы, қоғамда өз орындары бар әйелдер керісінше өз дәрежесіне сәйкес болашақ жарын сырттан табуда.

Қазіргі таңда халықаралық неке, трансұлттық неке, кросс-мәдениетаралық неке деген сияқты әр-түрлі ұғымдар қолданылуда. Ертеректе ұлтаралық, этносаралық некелер зерттеліп, қарастырылған. Бірақ қазіргі кезде халықаралық неке ұғымы алдыңғы қатарға шыққан. Бұған себеп әлемдегі жаһандану мәселесі, адамдардың еркін бір елден, екінші елге кіріп шығуы, туризм саласының дамуы, шетелде білім алу, еңбек миграциясы да әсер етуде.

Халықаралық неке ұғымына сипаттама беру, нақтылау қиын. Бұл жерде екіжақты мәселелер өте көп. Бір елдің азаматы басқа елдің осы елге ертеректе көшіп келген азаматына тұрмысқа шықты делік. Мысалы, Қытай азаматының Жапонияда ұзақ жылдар тұрып жатқан ұлты қытай жапон азаматына тұрмысқа шығуы, мұндай жағдайлар қытай мен корей азаматтарының арасында өте көп кездеседі. Олар бір этносқа, ұлтқа жатады, бірақ әлеуметтік тұрғыдан бір-бірінен ерекшеленгенімен мәдени-тілдік алшақтық аз болуы мүмкін. Бірақ мүлдем басқа ұлттар арасында болатын некеге қарағанда қарама-қайшылықтар аз болатыны сөзсіз. Сонымен қатар оны қаншалықты халықаралық неке деп анықтама беріп, басқа халықаралық некелермен бір қатарға қойып, зерттеуге болады екен, ол да зерттеуді қажет ететін үлкен бір мәселе. Трансұлттық, трансшекаралық неке ұғымдары шекара асып, басқа мемлекеттің азаматымен некеге тұру, екі мемлекетте тұратын ұлттар арасындағы неке деген ұғымдарда қарастыруға болады. Ертерек кезде бір мемлекетте тұратын әртүрлі ұлттар, этностар арасындағы неке зерттеліп қарастырылғандықтан, ұлтаралық, этносаралық неке деген терминдер қолданылды. Бірақ қазіргі кезде жағдай түбегейді өзгерген, енді мемлекеттер арасындағы неке қарастырылуда.

Жапония университеттері халықаралық аренада жоғары сұранысқа ие, басқа мемлекеттерден жыл сайын оқу үшін көптеген жастап ағылып келеді, сондай-ақ әлеуметтік, экономикалық жағдайға байланысты шетелдерден жастарды тарту мақсатында шәкіртақы көптеп бөлінуі, еңбек миграциясының қарқындап өсуі, елде шетелдіктердің санының көбеюіне алып келді. Бұл жағдай елде халықаралық неке санының өсуіне алып келуде.

Трансшекаралық некенің Жапонияда күрт өсуін бірнеше кезеңге бөліп қарастырылған. Экономикасы дамып, алпауыт мемлекетке айналған кезең, көпіршікті экономика деген атауға ие болған кезең, қартайғандар қоғамына айналған, жұмыс күші азайған кезең. Жапон халқының азаюына байланысты, жастардың ауыр жұмыс істеуге қарсы болуы, жұмыс күшін сырттан алып келуге мәжбүрледі. Еңбек миграциясы неке миграциясына алып келді. Соңғы 20 жылда бұл көрсеткіш өспесе, азайған емес. Денсаулық сақтау, еңбек және әлеуметтік әл-ауқат министрлігінің статистикасына сүйенсек жапондықтардың отбасы құрған шетелдік мемлекеттердің ішінде бірінші орында Қытай тұр, екінші орында Филиппин, үшінші орында Оңтүстік Корея [7, б.49-51].

Халықаралық некелер Жапонияның ірі қалаларында кең таралған. Әсіресе, Осака, Токио қалаларында көп болды. 2000 ж. Жапонияда тіркелген әр оныншы неке шетел азаматы мен жапондық арасындағы неке болды. Сонымен қатар Жапонияның кейбір ауылдық аймақтарында халықаралық некелер де кең таралған. Осы зерттеу жұмысы жазылу



барысында Жапонияда 2000-2015 жылдары тіркеу жасалған халықаралық некелер қарастырылды. Қарастырылған еңбектерге сүйенсек Оңтүстік Корея, Қытай, Филиппин сияқты үш мемлекет азаматтарымен тіркелген некелер басымдыққа ие болады [8, б. 17-19].

Зерттеу нәтижелері

Соңғы жылдары жүргізілген статистикаға, зерттеу еңбектерін зерттеу барысында, халықаралық неке санының өсуінің келесі негізгі факторлары анықталды.

Басымдыққа ие фактор - туризм, халықтың еркін бір мемлекеттен бір мемлекетке барып-келуі, байланыс құралдарының дамуы. Екі мемлекет азаматтарының танысып, білісу алғышарттары. Осыдан не себепті аралас некелердің қалалық жерде кең таралғанын көруге болады. Ауылдық елді мекендерде байланыс көрші ауылдармен, не туыстары тұратын елді мекен, қалалармен, не шетелге көшіп кеткен туыстары тұратын жермен шектеледі. Яғни, неке қарым-қатынасы географиялық тұрғыдан шектелген [8, б. 225].

Интернет, әлеуметтік желілерінің дамуы адамдар арасындағы қарым-қатынасты жеңілдеткен. Бір-бірін көрмеген адамдар интернет арқылы танысуға мүмкіндік алды, сонымен қатар халықаралық некенің бизнеске айналуы да бұл көрсеткіштің өсуіне септігін тигізді. Жапониядакелісім некесі бұрыннан кең таралған, осы уақытқа дейін елдің ішімен шектелсе, қазіргі кезде бұл шекара асып, неке агенттіктері шетелден қалыңдық іздеу бизнесін дамытуда. Дамушы, дамымаған мемлекет азаматтары үшін, Жапония әр кезде ерекше қызығұшылық тудыратын мемлекеттердің бірі. Адамдар өз жағдайларын түзету мақсатында дамыған, алдыңғы қатарлы мемлекеттерге үйлену, тұрмысқа шығу мақсатында келуі. Бұл жерде адамдардың нақты мақсатпен әйел не күйеу іздеуі.

Жапонияда ауылдық жерлерде оқымаған, тұрмысы төмен, немесе жермен айналысатын шаруа жігіттеріне отбасын құру өте қиын. Жапонияда қыз-келіншектер жұмысын, тұрғылықты жерін тастап, ауылға тұрмысқа шыққысы келмейді, ауыл шаруашылығымен айналысып, үйде отыратын әйелдер саны күн артып төмендеуде. Қазіргі заманғы жапон әйелдерінің талғамы, талабы жоғары. Олар білім алып, мансап қуып, тұрмыс құруға асықпайды, сонымен қатар оқыған, қоғамдағы орны жоғары әйел қауымы ауылға оқымаған ерге тұрмысқа шықпайды, сонымен қатар үй шаруасын жасауға, баланы дүниеге алып келуге құлқы жоқ әйелдер көбеюде. Олардың қасында Жапонияға келіп ауыр жұмыс жасап жүрген, жағдайы төмен шетелдік әйелдердің арасында, жапондыққа тұрмысқа шығып, өзі жеке үй болғысы келетіндер аз емес.

Трансұлттық некелердің санының өсуі белгілі аудандардың сұранысына байланысты. Бірақ бұл жерде ол аймақтардағы гендерлік теңсіздікті де байқауға болады. Яғни ішкі неке нарығында қиыншылықтарға тап болған ер адам «талғамы төмен», әлеуметтік тұрғыдан қорғалмаған әйелдермен некеге отырады, көп жағдайда үй қызметшісі ретінде қарайтыны да жалған емес. Яғни, ауылдық жерлерде өзіне шаруаға көмектесетін, егін шаруашылығына қажетті көмекші күш ретінде қарайтыны да бар. Білімі төмен, жағдайы төмен, жер, шаруа иесі болғандықтан, тастап кете алмайтын, ауылда тұруға мәжбүр болған ер адамдардың арасында халықаралық некелер кең таралуда.

Келесі факторлардың бірі- адамдардың өз елдерінде таба алмаған болашақ әйелінің не күйеуінің бойындағы қасиеттерді басқа елден іздеуі. Бұл әсіресе батыс ер адамдарының шығыс елдерінен өзіне болашақ жар іздеуі дәлел. Яғни оларға шығыс әйелдерінің бойындағы отбасына, жарына деген қарым-қатынасы ұнайды. Ол қасиеттер батыс әйелдерінде жоқ болғандықтан, болашақ жарын басқа елдерден іздейді. Бұл үрдісқазіргі кезде барлық елдерде орын алған. Біздің Қазақстанда да осы тенденцияны байқауға болады. Қазіргі мансапты, қоғамда өз орны бар әйел адамдар да өз елдерінде болашақ жарын таппай, дамыған мемлекеттерге барып, тұрмыс құруда. Мысалы, Қазақстанда карьера жасап, отбасын құрмаған қыз-келіншектер бар. Оларға Қазақстанда тұрмыс құру қиын. Сол сияқты мысалдар барлық мемлекеттерде бар.



Жапонияның ер адамдарының пікірінше қазіргі таңда Жапон әйелдерінің талаптары өте жоғары. Олар менменшіл, отбасына көңіл бөлмей, тек өз мансабымен айналысқысы келеді, өмірге сәби алып келгісі келмейтін әйелдер саны да өсуде. Бұл да жапон еркектерінің басқа мемлекеттерден жар іздеуіне алып келеді. Әйел және ер адамдардың арасындағы әлеуметтік, экономикалық ерекшеліктер басты себеп болуы мүмкін. Ер адамдар «дәстүрлі жар» іздесе, әйел адамдар «заманауи жар» іздеуде. Дамушы, дамымаған мемлекеттердің қыздары дамыған мемлекеттер ер адамдарын білімді, тәрбиелі, романтикалық бейнеде елестетеді. Сол себепті халықаралық неке нарығында Жапония, Қытай, Оңтүстік Корея, Гонконг, Сингапур мемлекеттерінің ер адамдары жоғары сұранысқа ие. Бұл мемлекеттерде табыс 10-20 есе көп, елдегі өмір сүру деңгейі де жоғары [9, б. 111]. Сол себепті тұрмысқа шыққысы келетін әйел адамдарының саны өте жоғары. Бірақ ол әйел адамдарының білімсіз, тәрбиесіз деп қабылдау қате пікір. Олардың да арасында жоғары білімді, тәрбиелі, өз елдерінде жетістікке жеткен, бірақ өздерінің талаптарына сай болашақ жар таба алмағандар көп. Яғни шетелдіктерге тұрмысқа шығуға тек экономикалық себептерғана түрткі деп, бір жақты қабылдау қате.

Сонымен қатар оқу мақсатында барған жастар арасында да некеге тұру көрсеткіші жоғары. Әсіресе, Жапонияға оқуға келетін шетелдік студенттерің саны өте жоғары.

Жапония мемлекетінің бизнесмендері Оңтүстік Шығыс Азия мемлекеттеріне инвестиция көп салады, осы елдерде өз бизнестері бар жапондықтар да көп. Филиппин, Индонезия мемлекеттерінде өздерінің сауық орындары бар жапон бизнесмендері, сол елде көп уақыт өмір сүру нәтижесінде, Индонезия, Филиппин әйелдерімен отбасын құрған. Бірақ әйелдер құқығын қорғайтын қоғамдардың пікірінше мұндай некелердің көбісі сәтсіз аяқталады, мұндай әйелдердің құқығын ешкім қорғамайды. Халықаралық некеде өте көп қарама-қайшы, мәселелер бар, оларда жан-жақты зерттеліп, жазылуда. Некедегі еркіндік, теңдік мәселесі әлі шешімін таппаған. Бұл жерде еңбек миграция мәселесі де бар. Жағдайы төмен, жақсы өмір іздеп барған әйел адамдары сол елде қалу үшін, экономикалық, әлеуметтік тұрақтылық үшін сол елдің азаматымен некеге тұрғысы келетіні анық. Бірақ ол әйелдің құқығы қалай қорғалады, тұрмысқа шыққан ер адам көп жағдайда қосымша жұмыс күші ретінде қарайтыны да бар, ауыл шаруашылығымен айналысатын жапондық үшін бұл жақсы мүмкіндік. Феминистердің пікірінше, халықаралық некеге тұратын әйел адамдардың құқығы заңда жазылмаған. Халықаралық некедегі әйелдер құқығы, бостандығы, жағдайы тек сол некеде болған әйелдерің әңгімелерінен алынған, солардың тәжірибелеріне, көзқарастарына негізделіп зерттеулер жасалған. Көпшілігі некедегі әйелдер күйеулерімен салыстырғанда экономикалық жағдайы төмен елдерден келген. Неке миграциясы әйелдерге жаңа мүмкіндік берумен қатар, әйелдер теңсіздігін де туғызады. Әлеуметтік теңсіздікке алып келеді. Халықаралық неке әлеуметтік құбылысқа айналуға. Дүниежүзінде санының күрт өсуі зерттеушілердің қызығушылығын тудыратыны сөзсіз. Әсіресе халықаралық некедегі әйелдердің жағдайы көп қарастырылады. Сонымен қатар осы некеде мемлекеттің ролі да қарастырылады. Өкімет мұндай некені қолдай ма, әлде қарсы ма деген сұрақтар да жоқ емес. Неке мигранттарының жағдайы қоғамда қалай реттеледі, сол некеде дүниеге келген балалар жағдайы қалай қарастырылған. Азаматтық алу, сонымен қатар еліне қайтқысы келген жағдайда екі жастың мәселесі қарай шешіледі. Мемлекет осыны белсенді басқарау үшін немесе пасивті қарым-қатынас үшін қандай саясат, стратегия қолдануда, олардың құқығын қорғайтын заң институттары бар ма деген сияқты мәселелер өте көп.

Бір Жапониядағы халықаралық неке тенденцияларын зерттей келе халықаралық неке көрсеткішінің өсуіне тікелей экономикалық-әлеуметтік жағдайдың әсерін көруге болады. Еңбек миграциясының нәтижесінде бір елден екінші елге, көп жағдайда экономикалық-әлеуметтік жағдайы төмен мемлекеттерден дамыған мемлекеттерге жұмыс істеуге келгендердің арасында некеге тұру көрсеткіші жоғары екенін көруге болады. Сонымен қатар жақсы өмірге ұмтылу мақсатында дамыған мемлекеттерде оқу үшін келген студенттер арасында да некеге тұратындар кездеседі. Бұл жерде әлемдегі гендерлік мәселесі де бар. Гендерлік мәселені зерттейтін ғалымдардың жұмыстарында, халықаралық некені қарастыру



барысында гендерлік саясат шетте қалып қоятынын айтып, дабыл қағуда. Қай мемлекетте өкімет рсы мәселеге ден қойып, әйелдер құқығын қорғауда, мұндай мемлекеттер жоқтың қасы дейді. Олар осы уақытқа дейін гендер мәселесін жоққа шығарып келді [10, б. 467; 11]. Бірақхалықаралық неке құбылысында гендерлік саясатты анықтау, жаһандық неке миграциясындағы мемлекеттің ролін түсіну үшін маңызы зор. Мұндай күрделі мәселені зерттеу үшін аса маңызды аспект. Халықаралық неке мәселесі бүгінде жаһандық мәселеге айналды, сонымен қатар оны тек бір жақты қарау мүмкін емес, бұл жерде әлеуметтік, экономикалық, саяси мәселелер, процестер бір-бірімен байланысқан. Бұл жерде жаһандану процесінен бастап, миграция, кенжетайлық бизнесі, гендерлік, әлеуметтік мәселеде бар. Сонымен қатар, алдыңғы қатарлы дамыған мемлекеттер, дамушы, артта қалған үшінші әлем арасындағы, Шығыс пен Батыс қарым-қатынастарын да жоққа шығаруға болмайды. Халықаралық неке миграциясы мен «өз үйіндегі» және «шет елдегі» патриархалды қарым-қатынас жаһандық гендерлік саяси қарым-қатынас салдарының бірден-бір көрсеткіші.

Қорытынды

Жұмысты қорытындылай келе, Жапониядағы халықаралық неке санының өсу тенденциясына әлемде болып жатқан жағдайдың тікелей әсері бар екенін көруге болады. Бұл жерде жаһандану саясатының салдары ретінде еңбек миграциясының халықтың бір шекарадан бір шекараға асып, әрі-бері еркін қозғалысы, әлеуметтік желілердің дамуы, еркін шет мемлекеттермен еш бөгетсіз байланысқа түсе алуы. Сонымен қатар, дамыған, дамушы мемлекеттермен үшінші әлемнің ішкі әлеуметтік, экономикалық, саяси мәселелердің ықпалын көруге болады. Еңбек миграциясы мен неке миграциясының бір-біріне тікелей әсері бары сөзсіз. Кемшілік тұстары да, артықшылықтарын да екі мәселені сараптау, талдау арқылы жүзеге асыру маңызды. Сондай-ақ, мемлекет деңгейінде, халықаралық ұйым деңгейінде реттеу қажет ететін тұстары да көп.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Мика Т. Editorial introduction: international marriage, rights and the state in East and Southeast Asia, электронный журнал / Citizenship Studies. -2008. С. 1-7
- [2] Джонс Г. International marriage in East and Southeast Asia: trends and research emphases, Asia research Institute Working Paper Series No.174, Singapore, 2008, С. 9-25.
- [3] Лус Т. A history of sex and the state in Southeast Asia: class, intimace and invisibility. Электронный журнал, 2008. С. 27-43.
- [4] Пейпер Н. “International marriage in Japan: Race and gender perspectives”, Gender, Place, and Culture, Published online, 2010, 321-338
- [5] Накамацу Т. «Marriage, migration and the international marriage business in Japan», Murdoch University, 2002, 66-91
- [6] Роттиг Д. «A Marriage Metaphor Model for Sociocultural Integration in internation Mergers and Acquisitions».Wiley Periodicals, Inc. –2013. 255.
- [7] Као-Ли Л., Ищикава Ё. «Feminization of Immigration in Japan Marital and Job Opportunities». Амстердам Университеті. 2010, С. 49-51
- [8] Маккарти С. Dual nationality in Japan; Learning to love ambiguity. SNA Japan. Retrieved from <http://shingetsunewsagency.com/2019/03/17/dual-nationality-in-japan-learning-to-love-ambiguity/> Dual Nationality in Japan: Learning to Love Ambiguity by Steve McCarty. 2019. С. 17-35
- [9] Буррес К. «Reconstructing Identities: International Marriage Migrants as Potential Agents of Social Change in a Globalising Japan», Asian studies. 2010. P.223-242.
- [10] Ким В. International marriage in Japan: reconstruction cultural toolkits in marriages between Japanese men and women from the former Soviet Union Identities, Global Studies in Culture and Power, 2019, 111-128
- [11] Накамацу Т. Marriage Migration: Love in Brokered Marriages in Contemporary Japan, Brill 2011 467-483



REFERENCES

- [1] Mika, T. (2008) Editorial introduction: international marriage, rights and the state in East and Southeast Asia. *Citizenship Studies*, 1-7. [in English].
- [2] Jons, G. (2008) International marriage in East and Southeast Asia: trends and research emphases. *Asia research Institute Working Paper Series*, Singapore, 174, 9-25. [in English].
- [3] Loos, N. (2008) A history of sex and the state in Southeast Asia: class, intimacy and invisibility. 27-43. [in English].
- [4] Peiper, N. (2002) "International marriage in Japan: Race and gender perspectives", *Gender, Place, and Culture*. Published online, 321-338. [in English].
- [5] Nakamatsu T. (2002) «Marriage, migration and the international marriage business in Japan». *Murdoch University*, 66-91. [in English].
- [6] Rottig, D. (2013) «A Marriage Metaphor Model for Sociocultural Integration in international Mergers and Acquisitions». *Wiley Periodicals*, p. 255. [in English].
- [7] Kao-Lee, L. & Ishikawa, Y. (2010) *Feminization of Immigration in Japan Marital and Job Opportunities*. Amsterdam University Press. [in Russian].
- [8] McCarty, S. (2019) Dual nationality in Japan; Learning to love ambiguity. *SNA Japan*. Retrieved from <http://shingetsunewsagency.com/2019/03/17/dual-nationality-in-japan-learning-to-love-ambiguity/> Dual Nationality in Japan: Learning to Love Ambiguity by Steve McCarty. 17-35. [in English].
- [9] Burgess, C. (2010) «Reconstructing Identities: International Marriage Migrants as Potential Agents of Social Change in a Globalising Japan», *Asian studies*. 223-242. [in English].
- [10] Kim, V. (2019) International marriage in Japan: reconstruction cultural toolkits in marriages between Japanese men and women from the former Soviet Union Identities, *Global Studies in Culture and Power*. 111-128. [in English].
- [11] Nakamatsu, T. (2011) *Marriage Migration: Love in Brokered Marriages in Contemporary Japan*, Brill, 467 - 483 [in Russian].

Нурелова А.М.

ПРОБЛЕМА МЕЖДУНАРОДНЫХ БРАКОВ В ЯПОНИИ: ОСНОВНЫЕ ТЕНДЕНЦИИ

Аннотация. В статье рассматриваются нынешние тенденции международных браков в Японии. Сделан анализ материалов написанных на тему международных браков, транснациональных браков в Японии. Рассмотрены определения и различия терминов международные браки, транснациональные браки и межнациональные браки.

Изучены материалы исследователей Японии, Корей и Китая, а также европейских ученых. Была поставлена сравнить браки между разных стран с японцами в определенный период и их предпосылки. в ходе исследования выявлены основные факторы и тенденции заключения браков в Японии с иностранцами. А также отношения со стороны японских властей на международные браки.

Ключевые слова: международные браки; транснациональные браки; кросскультурный; межнациональный; трансграничный; трудовая миграция; брачная миграция; Япония.

Nurelova Asiyiya

THE PROBLEM OF INTERNATIONAL MARIAGGES IN JAPAN: MAIN TRENDS

Annotation. The article replaces current international marriages in Japan. The analasis of materials written on the topic of international marriages, transnational marriages in Japan. The definitions and differences between the terms of marriage, trasnational marriages and interethnic marriages are excluded. Observational materials from Japan, South Korea and China, as well as European scientists, have been studied. An assessment was made of mrrriages between different



countries with Japanese in certain periods and their prerequisites. During the study, the main factors were identified and cases of marriages in Japan with foreigners were identified. As well as relations with the parties of the Japanese authorities in diverse proceedings.

Keywords: international marriages; transnational marriages; cross-cultural; international; cross-border; Japan; marriage migration; work migration.